

егемен

ҚАЗАҚСТАН

Бәрі-бәрі кешегідей. Көңілде сайрап тұр-ау. Кезінде жете мән бермегеніміз рас. "Біздің уақытымызда былай болған. Баспаханада таңға дейін жүретінбіз. Материалдың тақырыбын қазіргідей қорғасынға құю қай-да-а? Сығырайып ағаш қарпінтерді теріп жіппен шандып байлайтынбыз. Шрифтер мен штрихтарды көбіне қолдан салушы ек..." Осы тақылеттес сөздерді кейін де естідік. "...Дәл өшмесен — қызын-ақ. Қолмен жазылып, цинкке құйылған штрих-тақырыптар мен суреттерді екінші мәрте қайталап жасау еш мүмкін емес". Енді міне, алдымыздағы ағаларымыз жыр етіп шертетін әңгімелерді өзіміз айта бастағандаймыз. "Шіркін, бүгінгі компьютер дәуіріне не жетсін!.." Кез келген операцияны әп-сәтте орындайды. Қорғасынмен терілген мақаладай емес, қалауыңша үлкейтіп, я болмаса кішірейте аласың. Қас-қағым мезетте форматын да, яғни квадратын да өзгерте берсең. Фотоны әрлеп-өңдеп, түрлі штрих-коллаждарды, иллюстрацияны қиналмай жасайсың. Кешегі заманмен салыстырудың өзі ұят. Оқпалық секретаариаттың сарғайған архивін аударып-төңкеріп отырғанда өткен жылдар елесі жаңғырғандай. Көне, сіз де құлақ түріңізіші. Газет суретшісінің қарапайым тіршілік-тынысынан хабардар боларыңыз сөзсіз.

ҚОЛТАҢБА

Эссе

Жанат ЕЛШІБЕК,
"Егемен Қазақстан".

...Әуелде Алматының әр қиырында жайғасқан газеттер мен журналдардың қызметкерлерін түсін түстеп жыға танымайтынмын. Әйткенмен де біразын шырамытамын. Оның да себебі бар. Студенттік төрт жылда талай редакцияның табалдырығын тоздырған пақырлардың бірі — мен едім. Түске дейін оқимыз. Лекциядан соң асығыс-үсігіс студенттік асханадан бір жапырақ қотлетіміз бен екі стакан кара шайды үш-төрт тілім нанмен тығындап алып жөнiмiзге кетемiз. Бірiмiз кiтапханаға, бiрiмiз спортзалға... Ал мен болсам түнiмен шiмайлаған хабар-ошарым мен ребус-криптограммалды қолтығыма қысып алып редакцияларды алақтаймын.

Әр жерде шашырап орналасқан осы газет-журналдардың бәрі жетпісінші жылы Көкбазардың түбінен бой көтерген тоғыз қабатты зәулім Баспасөз үйінің шаңырағы астына жиналды. Отыздан астам редакцияның кіріп-шығатын есігі бір. Материалдары терілетін, беттелетін цехтары ортақ. Газет-журналдарды басатын баспаханалары да бір, редакцияның іргесінде. Сондықтан да болар оларда істейтін журналистердің барлығы танып-біліп білгендей жүздесіп, күн сайын сойлесіп дегендей. Осылардың арасында көпке дейін дәл қай газетте істейтінін біле алмай жүрген біреу болды. Біз жиі ұшырасып жүрдік. Әлгінде мезгеленімдей студент кезімде-ақ онымен сырттай жақсы танысып. Алматының әр түкпіріндегі редакцияларға барғанда кездесіп қалатынбыз. Жүзі жайдары сыптай кінген жігіт ағасы жылы ұшырай амандасады. Мен де құрақ ұшып өлемдесемін. Бірақ неге екенін білмеймін. Екеміз де бір-бірімізге ізет көрсетіп, қол ұстасқаннан артыққа бармаймыз. Үлкендік жасап аты-жөнімді сұрамағаннан соң, жасқаншақтап кішілік қалпыман таймай, алдын кес-кестемей жылыстай беремін. Үнемі осы мінез. Бірде ЦК-ның баспаханасындағы бухгалтерияның кассасынан гонорар алып тұрғанда жолықтырдым. О заманда қаламақыны айына екі рет беретін.

Біз секілді ашқұрсақ студенттер үшін қаламақы алу — үлкен бақыт, әрі мәртебе. Кассаның алдында ұбақ-шұбақ кезекте тұрған, фотографиялардан жақсы таныс мүйізі қарағайдай ақын-жазушылардың қатарында тұрып, бес-он сом қаламақы алған кезде әжептәуір бойың өсіп-ақ қалады. Өңкей ығайлар мен сығайлардың сапында әлгі танысың да бір шабадан қаламақы алғанда көзімің шарасынан шыға жаздағаны бар. "Е-е.. фотосын көрмеген докей жазушының бірі ғой..." деймін іштей. Он бес сомымды ұсыма жасырған бойы жалма-жан сыртқа шықтым. "Мәшинесі күтіп тұрған шығар. Қай жазушы болды екен, ә?.." Ынтызарлық пен әуестік екі жақтап бейтанысымның соңынан қудырған. Сүріне-қабына далаға шыққанда ап-анық байқап қалдым. Баспаханың шыға беріс алдындағы аялдамада тұрған 66-шы автобустың артқы есігіне қысылып-қымытырылып жабысып алыпты. Жарым-жартылай жабылған автобус есігінен екі бүйірі шерміп сыртқа шыққан валеткасының тұмсығы шалынады. Орнынан ыңыранып әрең қозғалған автобус көлесі көшенің бұрышынан оңға бұрылып, келесі тасаланғанша қарап қалыппын. "Аузы-мұрны лықа толған көлікке жармасқанша... Ең құрығанда бүгін, қаламақы алған күні неге таксилетпейді?.." Көз алдыман бір құшақ ақша көтерген бейтаныс ағайдың сұлбасы көлбеңдеп кетейші... Ол қай жазушы болды екен?.. Қазір оқта-текте осы жағдайтар есіме түсе қалса, қараптан-қарап өз-өзімнен қысыламын. Балаң аңғалдық па? Жок, әлде қолына қалам ұстаған жазушыларға деген ынтық көңілден туған әсердің ірімі ме?.. Әйтпесе...

Міне, қызық! Өстіп жүргенде көкбазардың түбіндегі әйдік ғимаратқа көшіп келгенде көптен бері көкейімнен кетпей қойған әлгі таныс та, бейтаныс ағаймен ұшырасып қалдым. Қасымда келе жатқан "Ленжаста" бірге істейтін Эрнест Төрехановтың құлағына сыбырладым:

— Мына жазушының аты кім, осы?
— Қайсысы? Анау портфель ұстағаны ма?
— Иә.
— Ұдайы жеңіл өзілмен сойлеп, майда қағытпамен жауап беретін Эрнест мұрнын қисайта, жымын ете түсті:
— Өй, ол жазушы емес, — делі менің бетіме күлімдей тесіліп.
— Журналист болды ғой, — делім жалма-жан.
— Жок!
— ?..
— Суретші ол. "СК"-ның. "Социалды Қазақстанның" суретшісі ғой. Аты-жөні — Жанұзақ Әбдіқұлов.

Газет-журналдардан "Суретті салған Ж.Әбдіқұлов" дегенді жиі оқып, көзім әбден қанық мен:

— Е, бұ кісіні мен жазушы ма деп жүрсем, — делім мырсылдап.
...Кейінірек Жәкенмен ағалы-інідей боп кеттік. Қызмет бабында бірімізге біріміздің ісіміз түсіп, шешіліп әңгімелесетінбіз. Біздің суретші-ретушеріміз Бағдат Момбеков кезекті еңбек демалысына шыққанда, ауырып-сырқап қалғанда үйіп-төгіп фотоларымызды Жанұзаққа "ретуші жасап беріңізші" деп алып барамыз. Әйтпесе, "мына очерктің тақырыбын штрихтатып жазып бере салыңызшы" дейміз. Таунауынан тірелген суретші ағамыз түскі тамағын да ішпестен біздің тапсырмамызды орындауға



тырысатын. Ол кезде фотоны да, штрихты да цинкография түскі екіге дейін, ұзаса үшке дейін қабылдайды. Қатаң төртіп осылай. Қалайда үлгеруің керек. Ал үлгермесен — катастрофа! Бәрі де бітті деген сөз. Материалды суретсіз, тақырыбын штрихсыз жарық көрмек. Жоспарланған дүниені, макетте тұрған материалды алмастыра салмайсың. Тағы да қатаң төртіп. Осыншалықты қатал жүйенің бұзылмауын ойлаған суретші-ретушер редакция мен типография арасында ақ тер, қара тер боп дедектеп шауып жүргені. Кезекті нөмірдің фотоларын да алдын-ала ретуштап, өңдеп бір күн бұрын өткізіп қою — заң. Қайталап айтамын, өйтпесен болмайды! Қиқаңдауға, еркінсуге қақпн жоқ. Көнесің, көндігесің, үйренесің! Шіркін, қазіргі газет суретшілері мұның бір-біреуін білмейді-ау. Әрине, әр заманның, әр кезеңнің өз төртбі, өз жүйесі, өз механизмі болады десек те биік жауапкершілікті мойынсындың жөнi бөлeк-ақ. Бұл — өткенді көксеу емес, керісінше үйренерлік үрдісті бүгінге үлгі ету.

Жарайты. Газет суретшісінің көзге көрінбейтін қыруар жұмысы туралы әңгімені бүге-шігесіне шейін тәптіштемей, осы тұстан түйіндей тұрмақшымын. Жалпы, Жанұзақтың жеке басының талайлы тағдыры толғақты бір қисыққа арқау болатындай. Бүгінгі парыз — суретші ағаның газет бетіндегі өмірбаянын жаңғырту. Олай деудің де өзіндік сыры бар. Есіміне сырттай қанық Жәкенмен бір шаңдырақта, бір бөлмеде қатар отырып еңбек етудің реті келген. Қатарынан үш жыл қызметке шақырып "СК"-ға көркемдеу бөліміне меңгеруші боп келгенімде, ең алғаш осы Жәкеннің жанындағы үстелге отырғанмын. О кезде де тұтастай созылған бір қабатты алып жатқан ЦК-ның органы саналатын газеттің өзіне кабинеттер жетіспейді екен. Кейін этаждағы бос алаңқайларды бекітіп, қосымша бөлмелер жасалды ғой. Қарама-қарсы отырған суретшіні бұрынғыдан да тани түстім...

Әр қылқалам шеберінің өзіне бейімірек, оңтайлы тақырыбы болады. Алматыдағы талайлар түлеп ұшқан Гоголь атындағы әйгілі сурет училищесін бітірген, онан кейін Абай атындағы педагогтық институттың көркемсурет және графика факультетінің дипломын иеленген Жанұзақ Әбдіқұлов бекетінен суретші. Әйткенмен оның портрет жанрындағы еңбегін айрықша үкілеп айтуымыз керек. Осы тақырыптың аясын мейлінше кеңейте түсетін еңбек ерлерінің, бесжылдық қаһармандарының, тарихи тұлғалардың, мәдениет және өнер қайраткерлерінің портреттері бөлекше назар аудартады. Іссапар үстінде туған қарапайым еңбек адамдарының суреттерінен уақыт демі анық сезіледі. Образды даралаудағы суретші ізденісі мен ойының ұтқыр ұштасуы оның әр туындысынан ап-анық байқалып тұрады.

Мұндағы басты ерекшелікті де аңғару соншалықты қиын емес. Газет үшін жазылған портреттің өз талабы бар. Еңбек адамының көсібін көрсетуі басты детальдарды тиімді әрі орынды пайдалану арқылы негізгі кейіпкердің жан-дүниесін нанымды ашуға ұмтылады. Оймақтай ғана штрих көп жайдан хабарлар етері де даусыз. Бұл жерде қолдан салынған суреттің қас-қағым мезетте объективке ілінген фотодан айырмашылығы жер мен көктей. Қылқалам шебері орталық образды барынша жанды да әсерлі, көркем де ойлы бейнелеуді нысана етеді.

Жанұзақтың қолынан шыққан суреттерінің қай-қайсысы да, мінеки осынау мақсаттардың үдесінен табылып жатқандай күйге болейді. Тіпті, иллюстрация, яғни безендіру деңгейінде қалып қоймай белгілі бір өнер туындысындай көңіл аудартады. Мәселен, оның арнайы іссапарға шығып Сыр күршіштерінің, Жетісу қызылшашылары мен Оңтүстіктің мақташылары өмірінен жазған портреттері мен штрихтары үлкен картиналарға пара-пар. Шойын балқытқан металлургия су ырығын сүзген балықшы, құрыш қолды құрылысшы тәрізді түрлі-түрлі мамандық иелерінің портреттерін жалаң бейнелемей репортаждық үрдісте, сол көсіп иелеріне тән жалпылама фон ретінде әдейі көрсетілетін ортақ айшықтардың аясында кескінделеді. Бұл да тек газет безендіруші суретшіге берілетін сирек мүмкіндік.

Осы орайда Жәкеннің газетте жарияланған бір суретіне байланысты оқиға еске түседі. "СК"-ның "Жексенбілік әңгіме" атты айдарымен солтүстікқазақстандық жазушы Зейнеп-Ғабиден Иманбаевтың "Жылқышы"

әңгімесі шықты. Редакторымыз Сапар Байжанов бұл дүниені баспаханаға теруге жіберместен бұрын бас-аяғы небәрі төрт жүз жолдан аспайтын материалдың шекесіне үйреншікті жасыл сиясымен бұрыштама соғыпты. "Жанат! Тамаша әңгіме! Өкпесін қыспай мейлінше айшықты етіп орналастыру керек. Суретшіге оқытқызып, ғажап штрих салғыз!" Қашанда макетке ерекше мән беретін Сапекен көңіліне ұнаған жақсы очерктер мен әңгімелерге, тіпті, кейде шағын суреттемелердің өзін штрихтатып, әлеміштеп сызғанды жақсы көреді. Сондағы жатқанды сөзі — "ғажап штрих салу керек!" Айтқанда оңай, әрине. Бірақ, редакторымызға суретшілер салған штрихтардың бәрі бірдей ұнамайды. "Жарамайды" деп сырғыта салды. Суретшінің түнімен ұйықтамай мұрнынан шанышылып, зорға дегенде жасаған дүниесін жалғыз ауыз сөзбен жоққа шығарғанынан әбден зорезап болған Жанұзақ әңгімені әп-сәтте шолып өтті. Жүзіне көз салды. Қабағы жайдары.

— Басқаларға қазақ бермей-ақ қой. Өзім салайын, таңертең алып келемін ғой, — деді де қарсы алдында отыратын суретші алдындағы қабат-қабат макеттің екінші бетін төңкеріп әлденені қарындашымен сызғылап, шимайлай бастады. — Басыма мынадай бір идея келіп тұр. Былай, бүйітіп... жылқышының бейнесін өстіп сәтсем қайтәлі...

— Көріңіз, — дедім қысқа ғана. — Жылқышының боранды ақтүтектің ортасында бейнелеймін дегеніңіз дұрыс екен.

...Шындығында Жәкеннің штрихы өте сәтті шықты. Көз көрінбес қалың ақ борандағы жылқышының зор бейнесі аса айшықты бедерленген. Үлкен шабыттан туған дала қыранының әр тұлғасын шеберлікпен кескіндеген суретшінің қолын құшырлана қыстым.

— Жақсы!
— Сапекенге ұнаса де. Кірпіяз кісі ғой. Тағы бір жерінен мін тауып жүрмесе...
— Жоқ. Бұл жолы қайта өзіңді мақтайтын шығар.

— Маған мақтағаны қажет емес, — деді сәл пәстееу үнімен ол. — Түнімен тесіліп шұқшиғаныңды бағаламайтыны жаныңды қинайды. Әйтпесе, біздің де қолымыздан бірдене келетін секілді. Талай редакторды көрдім. Бірақ...

Жарайды. Жүр. Редакторға тура қазір барып мына штрихты алдын-ала бекітіп шығайық.

— Көне, жігіттер! Қалай дұрыс шықты ма? — деді бастығымыз біз есіктен кірер-кірместен. Қолымдағы табактай қағазға назары мен ынтысын бірдей аударған. — Мінеки, Жанұзақ, осылай салу керек. Сенің мына жылқышың қандай тамаша шыққан. Ғажап! Керек десеңіз, бұл әншейін штрих-заголовок емес. Бү дегеніңіз — үлкен полотномен бірдей дүние. Ал Жанат, сен мының өкпесін қыспай, үлкен етіп, тура төрт бағанаға бер.

— Он квадрат тым далиып кетпей ме?!
— Ештене етпейді. Жарқыратып, көрсетіп беріңдер. Әйгілі қылқалам иесінің өзі мұндай суретті сала алмайды. Мына Жанұзақтың маңдай терін шөмітіп, текке жіберуге болмайды. Жанды портрет. Әңгіме де жақсы, ал штрихы одан бетер асқақтатып жіберетін болды. Мән қазір Мыңбайға да өзекертем.

Мұндай сәтті штрихтың гонорарына қарқынды, көтеріп қою керек.

Біз Байжановтың кабинетінен еңеміз көтеріліп шықтық. Екі сүзіміз екі құлағымызда. Жанұзақтың қуанышы өзгеше. Жайрандаған о кісінің жан-дүниесін айтқызыбай ұғып тұрмын. "Жақсы сөз — жан семіртеді". Бабаларымыз бекер айтпаған-ау. Көкімбек ақын толғағандай: "Бір ауыз сөз таң Шолпанын әперер. Бір ауыз сөз анаңдай боп мөпелер". Әлгіндегідей емес, жас баладай мәйірам Жәкен көңілдегі түйткілдің ұшығын да аңғартқан. "Бәсе, Сапекен түсінеді. Бәрін бұлдіретін пыш-пыш сөз. Неге екенін білмеймін өзім де. Соңғы уақытта соңыма түсіп алды емес пе?! Жазған-сызған суреттерімің ешқайсысын ұнатпай, лақтырын тастайды. Лездеме сайын менің салған штрих-суреттеріме шүйілетінді шығарды. Апақсапақта қандай шелевр жасай аласың. Талай мәрте жұмыстан арыз жазып кетіп қалғым келді. Бірақ, қырық жылы гұмырым өткен ыстық ұямды қимаймын... Бұған да шүкір. Әйтеуір түсіңді ғой Сапекеннің өзі..."

Иә, шығармашылық қуанышына, еңбегінің еленгеніне не жетсін. Редакторымыздың бір ауыз сөзіне семірген суретші ағаның көңіл күйін жаныммен түсіруге тырысқаным жөне рас.

Сонымен Жанұзақтың қылқаламынан туған "Жылқышы" портреті жұрттың көкейінен табылған тамаша дүниелердің бірі болды. Кезекті лездемеде Сапар аға жеріне жеткізе мақтаған.

— Осы аптадағы қадау-қадау жақсы материалдардың қатарында мен Әбдіқұловтың жекеменшік өңгімеге салған штрихын айрықша бола-жара атар едім, — деді редакторымыз әдеттегідей тыс желіне. Газет тігіндісін арлы-берлі сапырыстыра, іздегенін тапқан ол. — Мінеки, өздерің зер салып қараңыздаршы. Бұл әншейін иллюстрация үшін салынған штрих емес. Қақаған қыраулы қыста мойымаған жылқышының тірі бейнесі ап-анық білінеді. Ерік-жігері мұқалмаған еңбек адамының жанды тұлғасы динамикаға толы. Суреттің өзі сойлеп тұр. Алақандай өңімені жұтыңдырып, еріксіз оқытып тұрған жоқ па?! Қысқасы, газеттің активіне жатқызуға әбден болады. Көріңіздер ғой, шын шабыттанса, терен ойланса біздің Жанұзақ ғажап суреттер сала алады екен.

Өмірбаяны газет бетінде қатталған суретші Жанұзақ Әбдіқұловтың қылқаламынан туған Халық Қаһарманы, есімі аңызға айналған Бауыржан Момышұлының портреті, сондай-ақ халқымыздың үш ұлы биі — Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке тұлғалары, Алаш арыстары мен ардақтыларының асыл бейнелері қалың оқырмандар жүрегіне ұялаған өлмес, ошпес туындылар. Түрлі-түсті бояумен салынған бұл портреттердің дені газет басында Шерхан Мұртаза отырған жылдары "Егеменнің" фирмалық күнтізбесімен бірге үлкен үлгіде көп таралымымен шығарылды. Тәуелсіздіктің елен-алаңында әр қазактың шаңырағында елулі тұрған ұлылар портреттерін қасиетті де қастерлі мұрадай аялай әсеттеушілер бұл дүниелердің Жәкеннің, өзіміздің Жанұзақтың шебер қолынан шыққанынан бейхабар еді. Ойткені, о заман қазіргідей онды-соңды аты-жөніңді көрінген тұсақ жапсыра бермейтін төртбі де, төлімі де қатал әрі қасаң кенестік жүйе артық қимыл жасатқызбайтын.

Иә, солай болатын. Мейлі. Қағазға түскенді қанжармен өшіре алмайды.

Бүкіл гұмырын "Егемен Қазақстанда" өткізіп, бауыр басқан басылымынан зейнеткерлікке үлкен абыроймен шыққан, марқұм суретші ағамыздың өзіндік дара қолтанбасы сарғайған газет беттерінде сайрап жатыр. Оны әркім-ақ жазбай таниды.